

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесінің негізгі ұстанымы – «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» ұлттық, адами құндылықтарымен үндесіп жатыр[5]. Бүгінгі ұрпақтың тәрбиесіндегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» ұстанымы – халқына адал еңбек ету, заманына сай білімді болу, өнерін ұрпағына үлгі ретінде қалдыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еліміздің рәміздерін, ана тілімізді құрметтеу болып отыр. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық, адами құндылықтарымызды көркем шығармалар арқылы сіңіру басты парызымыз.

Қорытындылай келе, PBL технологиясы негізінде зерттеумен айналысқан білім алушылар өз біліміне өзі жауапкершілікпен қарауы керек екенін түсінеді. Топ алдында, сыныптастары алдында жауапкершілік пен сыйластықты саналы сезінеді.

Осындай әрекет үстіндегі сезім, оларды жаһанданған әлемде бәсекеге қабілетті, инновацияға ашық, өмірде өз орынын таба білуге икемдейді. PBL жобасы аясында шәкірттердің SMART мақсаттарды қалай қою керектігін біліп қана қоймай, түпкі нәтижені де көретініне көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://youtu.be/eGWqBZSFgxE?si=QXzS8zhNVsiYX_Fh Анн-Лиз Халворсен. Нелл Дьюк.
2. <https://hechingerreport.org/proof-points-four-new-studies-bolster-the-case-for-project-based-learning/> *Линда Дарлинг-Хэммонд PBL бойынша.*
3. ҚР БҒМ ЖОББ деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
4. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/>
5. ҚР ОАМ «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары.
6. <https://ahaslides.com/kk/blog/project-based-learning-examples-ideas/>
7. https://youtu.be/o52o_3FNVfg?si=4b-S1knkieCnULF6 Дэйв.
8. https://youtu.be/o52o_3FNVfg?si=BS7lth-QVJKg8FUU

Нурғалиева Ботагөз

Филология факультетінің 1-курс магистранты
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

*Ғылыми жетекші:
ф.ғ.к., профессор
ассистенті Саменова С.Н.*

УӘЖ ЖӘНЕ УӘЖДІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Қазақ ұғымында «уәж» сөзі белгілі бір іс-әрекетке айтар ой, «дәлел», «түрткі» деген мағынада жұмсалады. Лингвистикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, «уәж» терминінің негізінде жасалған ұғымдардың әрқайсысының өзіндік қызметі, мәні бар. Қазіргі тіл білімінде «уәж» термині «мотив» ұғымының баламасы ретінде қарастырылады. Дүниетанымымыздағы заттар мен құбылыстарға кез келген атау қойыла салмайды. Әр ұғым өзі нысанға алған зат немесе құбылыстың жалпы сипатына, оның ерекшелігіне, өзіне тән қасиетіне негізделеді. Демек, ешбір атау өзі белгілейтін ұғымның қыр-сырын назардан тыс қалдырмайды. Сол себепті, әрбір атаудың уәжін айқындау – тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Ғалымдардың зерттеу еңбегінде аталып жүргендей, уәждеме теориясының негізгі мәселелерін алғаш зерттеген ғалымдар В.Гумбольдт, Х.Штейнталь болған. Сөздің ішкі формасы туралы қарастырған А.А. Потемняның жазғаны да осы уәжділік теориясын анықтайды. Тіліміздегі барлық сөз өзіндік бір мән жүктеп, ұғымды білдіріп, сөйлеуде қызмет атқарады. Адам өз ойын басқа біреуге жеткізу үшін, оның түсінікті болуы қажет. Осыған орай күнделікті өмірде қолданғанда, әр тілдегі атаулар белгілі модельдер (үлгілер) арқылы жасалады. Біздің санамызда орныққан олардың табиғи қасиеттері алғашқы ұғымдық сипатынан ажырап, тілдің өзге тұлғалары мен мағыналық варианттары арқылы таңбаланады. Яғни сөздің ішкі мағынасы арқылы тыңдаушы ұғымның жалпы мәнін түсіне алады. Сол себепті, айтылған сөзді әр тыңдаушы әртүрлі қабылдауы, түсінуі мүмкін [1].

Қазақ тіл білімінде Н.Уәли, Ж.Манкеева, Б.Қасым, А.Б.Салқынбай және т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде «уәжділікке» байланысты өз пайымдауларын ұсынады.

А.Б. Салқынбайдың «Қазақ сөзі: уәжділігі мен тектілігі» атты еңбегінде уәжділікке мынадай анықтама берілген: «Тіл білімінде қарастырылатын уәжділік – атау сөз бен сөзді белгілеп тұратын шындық өмірдегі, табиғаттағы заттар мен құбылыстар арасындағы байланыс. Шындап келгенде, сөздің мағыналық қыры кең. Ең алдымен, батыс ғалымдары көрсетіп жүргендей, сөздің жасалуының үш жақтық қыры бары анық. Оның бірі – таңбалаушы, екіншісі – таңбаланушы, үшінші зат пен атаудың ұғымға қатыстылығы. Таңбалаушы – сөз. Сөздің таңбалануына негіз болатын зат немесе құбылыс» [2; 112].

Б.Қасым өз зерттеулерінде белгілі бір атаудың қалыптасуы үшін оған қандай да бір белгінің, ерекшеліктің, қасиеттің негіз, өзек, себеп болатынын айтады. Өмірдегі барлық зат пен құбылыс ерекшеліктеріне қарай тіл деректеріне, атауға айналатынын көреміз. Лексикалық уәжденудің сипатын айтсақ, бұл күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Автор жаңа сөздің туындауын тілдік және тілден тыс факторлармен байланыстырып қарайды. Осы себепті, қазіргі тіл білімінде лексикалық бірліктердің уәжденуі мәселесіне тіл мамандары назар аударып отырғандығын айтады [3].

«Уәжділік» ұғымы атаулардың ішкі формасын, оның мағыналық құрылымын ашудың негізгі белгілерін көрсетеді. Белгілі ғалым К.Аханов уәжділік ұғымын «дәлел» (мотив), ішкі дәлелдеу (внутренняя мотивировка), дәлелдеусіз (немотивированность) деп бөліп көрсеткен. Ғалымның пікірінше, заттар мен құбылыстар тілімізде айтылғанда бойындағы айрықша белгісі бойынша аталатынын және тілімізде ол атау әбден қалыптасып, орныққанда, алғашқы белгісі күңгірттеніп, сол сөздің этимологиясы мен шығу тегіне назар аударып, зерттеу арқылы ғана айқындалатынын көрсетеді [4].

Профессор Э.Д.Сүлейменованың «Тіл білімі» сөздігінде: «Мотивация, уәждену (фр. motif – сылтау, дәйектеме, motivation – уәждеме, дәлелдеме) тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу әктісі» – деген анықтама береді [5].

Қазақ тіл білімінде «уәж» және «уәждеме» ұғымдарының аражігі толық айқындалмағандығы ғалымдардың зерттеулеріндегі түрлі көзқарастан байқалады.

Орыс тіл білімінде уәждеме теориясы біршама зерттелген. Д.Н.Шмелев, Е.С. Кубрякова, И.Н.Сергеева, М.Д.Степанова, О.И.Блинова, К.А.Левковская т.б. ғалымдардың еңбегінде әртүрлі деңгейде уәждеме теориясы талданады. Зерттеушілердің пікірінше, әрбір туынды сөздің мағынасында уәжділік болады. Қазіргі қазақ тіл білімінде уәждеме теориясы, соның ішінде сөзжасамдық уәждеме біраз зерттеліп жүр. Мәселен, А.Аманжолов, Б.Қалиев, Н.Уәлиев, Н.Оралбаева, Б.Қасым, А.Б.Салқынбай, Р.Авакова т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Сонымен қатар, түрлі атаулардың жасалу табиғатын ашуда, олардың уәжділігін айқындап көрсететін бірнеше кандидаттық диссертациялар да соңғы жылдарда қорғалды.

Уәждеме теориясының негізгі ұғымдары уәж және уәжділік екендігін жоғарыда атап өттік. Профессор Н.Уәлиев фразеологизмдердің тілдік табиғатын зерделеуде «уәж» терминін қолданып, содан кейін бұл термин толық ғылыми айналысқа түсті. «Уәждеме» термині алғашқыда философиялық ұғым ретінде қолданысқа еніп, кейін көптеген ғылым салаларында қалыптасты. Тіл білімінде қарастырылатын уәжділік атау сөз бен сөзді белгілеп тұратын шындық өмірдегі, табиғаттағы заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты анықтайды. Сөздің ішкі мазмұны мен мәнін ашу үшін, оның белгілеп тұрған заты мен атау арасындағы байланысты анықтау керек болады [1; 57]. Мысалы: *кепілақы* \залоғ\ («Нұр Астана», 1 қыркүйек 2011 жыл №34(403)). *Қатетүзер* \корректор\ («Айқын», 2 сәуір 2011 жыл №57 (1724)). *Құлақнан* \пельмени\ («Алаш айнасы», 7 қараша 2009 жыл. №198 (198)) сияқты туынды сөздердің уәжділігін анықтау үшін осы сөздер белгілейтін заттар мен атау арасындағы мәндік белгіні анықтап алу қажет. Бұл мысалдардағы кепілақы – белгілі бір адамға кепілге берілетін ақыны, қатетүзер – қатені түзейтін, ретке келтіретін адамды, құлақнан деп пішініне байланысты семантикалық байланысты айқын көреміз. Демек, әр атау жасалу үшін сөздің арасында мағыналық жақындық, уәж себепші болуы керек.

Уәжділікті анықтау деген барлық сөздің шығу тарихын зерттеу деп түсінбеу қажет. Бұл жайлы белгілі ғалым М.М.Копыленко этимология ежелгі тілдерде сөйлейтін халықтардың қарым-қатынасын және олардың материалдық мәдениетінің тарихын зерттеудің негізгі құралы болса, онда уәжділік олардың психологияға, рухани өмірге деген көзқарастарын зерттеуде қажет деп есептейді.

Ғылыми еңбектерде берілген атаудың уәжділік дәрежелерін сараптайтын болсақ, оның бірнеше түрі (типi) бар. Ғалым Б.Қасым уәжділік түрлерін былайша жіктейді: I. Тура уәжділік (лексикалық мағынасын сақтаған). II. Жартылай уәжділік. III. Көмескі уәжділік [3; 51].

I. Тура уәжділік жалпы уәжділіктің өзегі, сөз сыңарларының ішкі мағыналық құрылымында дербестігін сақтай отырып, яғни лексикалық мағынасын толық сақтап түзіледі. Бұндай үйлесімділікті тіл білімінде туынды сөздердің мағына сәйкестілігін, құрастырушы сыңарлардың мағынасы үйлесіп, тәуелді – эндоцентрлі (айқын) деген ұғыммен аталып, солай қарастырылу да бар. Мысалы: *мұзайдын, мұраһат, нұршам (люстра) т.б.*

II. Жартылай уәжділік зат атауларының екі сыңарының біреуінің тура мағынасы, уәжі сақталып, екіншісінің мағынасы өзгеріске түседі: *пернетақта, тұқымбақ (инкубатор), шебермет (мастерская) т.б.*

III. Көмескі уәжділік (немотивированность) немесе идиомаланған күрделі зат атаулары: *қарашекпен (кедей), қаратұяқ (зиялы, оқыған адам), атұстар (ер бала), көкжал (қасқыр) т.б.*

Қазіргі ғылыми еңбектерде атаулық тіркестердің уәждену деңгейлері төмендегідей жіктеліп көрсетіліп жүр:

- 1) толық уәжділік;
- 2) жартылай уәжділік;
- 3) жүйелі уәжділік;
- 4) абстрактілі уәжділік [1; 58].

Толық уәжділікте туынды сөздердің мағынасы оның құрамындағы сөздердің мағынасымен толық сәйкес болуымен сипатталады. Толық уәжділікте зат немесе құбылыстың негізгі белгілері сөздердің мағынасы арқылы көрініс табады. Атаулық тіркестердің көбісі термин-атаулар болуынан, олардың толық уәжділігі бар. Мысалы: *қауіпсіздік белгісі, көтерме ақы, жерасты өткелі т.б.* Бұл көрсетілген туынды сөздердің номинативтік мағыналары олардың ішкі формасын айқындай алады.

Уәжділік адам ойлаған белгілі бір заттардың бейнесін екінші бір таңбалармен белгілеу болып шығады. Уәжділіксіз жаңа туынды мағына пайда бола алмайды, себебі уәжділіктің белгісі сөздің сөз тудырушы мағынасы негізінде анықталады. Дегенмен, уәждемені жаңа туынды сөздің екіншілік мағынасынан ажырата білу керек. Сондай-ақ негізделетін сөздің мағыналық сипаты түгелдей туынды сөздің жаңа мағынасына толық енуі міндетті бола бермейді. Атауға ие болған таңба өзі белгілейтін заттың не құбылыстың тек ерекше белгілерін ғана таңбалай отырып, туынды екіншілік мағына жасайды. Мысалы: *беренсөз (публицистика), дәйексөз (цитата), бейнежазба, бейнебаян, бейнебақылау.* Мұндағы беренсөз ұғымын талдайтын болсақ, берен сөзі жеке өзі тұрғанда ауыспалы мағынада жұмсалады. Біріншіден, ол ертеде батырлар киген болат сауыт, екіншіден, өжет, қажырлы деген мағынаны білдіреді. Ал беренсөз деп лингвистикада термин ретінде қалыптасқан. Яғни, көпшілік алдында сөйлейтін сөзді айтамыз. Жаңа жасалымды «көпшілік алдында өжет адам сөйлей алады» деген ұғымнан туындатып отырса керек. Бұл сөздің жалпыға бірдей танылу деңгейі, жалпыхалықтық сипат алатын-алмайтындығы алдағы уақыттың еншісінде болмақ.

Сол сияқты бейнебаяндағы бейне сөзінің негізгі мағыналары: 1) секілді, сияқты деген шылаулар қатарында, 2) тұлға, мүсін, келбет т.б. мағынасында жұмсалады. Ал баян сөзі әрі музыкалық аспап атауын, әрі әңгімелеу, түсіндіру деген мағынаны білдіреді. Демек, жаңа

аталым осы семалардың бірін, нақтырақ айтсақ «тұлға, мүсін, келбет» мағынасын уәж ете отырып жасалған.

Жасалымда жаңа мағына мен жаңа мазмұн пайда болған уақытта ғана жаңа сөз қалыптасатыны мәлім. 90-жылдардың басындағы жаңа ұғымдарға қарайтын болсақ, *проводник, пляж, дача, призер, овощ, установка* деп орысша атап жүрген сөздерге қазақша балама *жолсерік, жағажай, саяжай, жүлдегер, көкөніс, қондырғы* деп атау жаңа қолданыс болса, қазіргі уақытта бұл атаулар тілімізге әбден орнығып, қалыптасып кеткен. Сондықтан бұлар қазір жаңа сөз ретінде танылмайды.

Атаулық тіркестердің ішкі формасында көрініс табатын лексикалану құбылысын айқындау үшін, сөздің ішкі формасы жайлы кейбір ұғымдардың мәнін айқындау қажет. Лексикалық бірлік туынды сөз болса, оның ішкі формасы түбір сөз бен сөз тудырушы қосымшалардың мағынасы арқылы жасалады. Ал фразеологиялық бірліктің ішкі формасы құрамындағы сөз тіркесін құрап тұрған тұлғалардың мағынасы арқылы туындайды. Лексикалық бірліктің ішкі формасы оны құрайтын морфемалардың семантикалық және құрылымдық бірлігі мен жақындығын, жаңа атаудың қалыптасу барысында номинацияның негізгі белгісі мен ерекшелігін көрсетеді. Ғылыми еңбектерде, зерттеулерде бұл мәселе біршама қарастырылғанымен, әлі де зерделей түсуді, жіті зерттеуді қажет ететін тұстары баршылық.

Жалпы сөздердің ішкі формасын ономазиологиялық тұрғыда зерттеудің негізінде көптеген теориялық мәселелер анықталды. Соның ішінде атаулардың уәждеуінің ішкі психологиялық негізі де айқындалды. Бұл тұжырым бойынша, әр сөздің атау ретіндегі бастауы, қайнар көзі болатын ішкі форманың психологиялық негізі – қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың қасиеті мен белгісі жайлы адамның ойы және көзқарасы. Ендеше, атаудың пайда болып, қалыптасуының негізі адамның қабылдау жүйесі, психологиясы болып табылады. Адамдардың бірін-бірі түсінуі және қабылдауының негізінде сөздердің уәжділігі жасалады. Мәселен, *бейіндік оқыту, айналма жол, бет қаттаушы* (верстальщик) сияқты атаулық тіркесті туынды сөздердің мағынасы тек термин болған жағдайда ғана сақталады. Егер күнделікті сөйлеу тілінде қолданылса бұл тіркестер еркін сөз тіркесі ретінде қабылданады. Бұл терминдердің терминдік мәні әр саладағы мамандарға толық түсінікті болады.

Атауға номинативтік мағына берудің ішкі психологиясын, оның табиғаты мен ішкі формасының қалыптасу жолын, уәжділігін түсіну қажет. Сол уақытта ғана қалыптасқан жағдайға байланысты денотатты атау қажеттігі туындаған соң ғана осы атау-терминнің пайда болғанын, оны терминкомның дұрыс бекіткеніне көз жеткізуге болады. Мұндағы әрбір сөз өзінше танымдық, гнесеологиялық қызмет атқарады [1; 60-61].

Жартылай уәжділік деп ішкі форма және лексикалық мағына ортасындағы байланыс, жалпы қасиет пен белгінің болуы немесе сол қасиеттердің жартылай көрінісі танылады. Жартылай уәжділікте заттардың барлық қасиеті мен белгілері сөзде толық көрініс таппайды. Әйтсе де, оның уәжі жартылай көрініп, байқалып тұрады. Мысалы: *ашық есік күні, сенім телефоны т.б.* Мысалдағы ашық және сенім сөздері туынды сөзді жартылай уәждейді. Себебі, бұл атаулардың мағынасы әлдеқайда күрделі болып табылады.

Ішкі форма жанама номинативтік деривацияның себепшісі және негізгі көзі ретінде, атау мағынасының жасалуын және сөйлеу барысында жүзеге асуын тәртіпке салушы негізгі факторлардың бірі ретінде танылады. Сөз мағынасының уәжділігі тілдесімді реттеп отырады. Сөздерің тіркесуі, олардың валенттілігі көбіне сөздің ішкі формасымен байланыстырыла қаралуы керек деп білеміз. Сөздің уәжділігін немесе оның ішкі формасын тілші ғалымдардың көбі психологиялық категория есебінде қарайды, оның басты себебі, атаудың танылуы адамның психологиясымен, логика, ойлау жүйесімен, ұғыммен тығыз байланысты [1; 62].

Зерттеу еңбектерде беріліп жүрген жүйелі уәжділікке келетін болсақ, бұл ұғымның табиғатының өзі уәжділіктен туындайды. Себебі, барлық атауды уәжді деп есептейтін

болсақ, оның ұғымда қалыптасқан белгілі бір жүйеге негізделетіні айқын. Айталық, *сын-қатер (риск), қатырма қағаз (картон), нұршам (люстра)*. Келтірілген мысалдардағы сөздердің жасалуында бұлардың құрамындағы сөздермен ортақ мағынаның, негізгі семаның болуы олардың уәждеделуіндегі жүйелілікті көрсетеді. Осы орайда *нұршам* аталымының тілдік айналымға әлі толық ене қоймағандығын да атап өтуімізге болады.

Жүйелі уәжділіктің басты шарты туынды сөздердің құрамындағы жеке атаулардың мағынасына бағынышты болып, сол арқылы негізделуі. Лингвистикада орныққан қабыса байланысудың лексикалануымен жасалған туынды сөздердің барлығы жүйелі уәждеме бойынша туындаған деп айтсақ, артық айтпаған болар едік. Ал егер, туынды сөздердің жасалуында, олардың арасында мағыналық жүйе болмаса, олардың дербес атауы да жасалмайтын еді. Атаулар белгілі бір жүйемен, ретпен, қалыппен туындаса ғана адамдар арасындағы қарым-қатынастың мәні болады. Яғни, сөздердің дұрыс құралуы адамдардың сөйлесуінде өте маңызды рөл атқарады. Жүйелі уәждеме болмағанда, ауызекі сөйлеу кезінде тілдесушілер бір-бірін түсіне алмайтын еді. Жүйелі деп атауында айтылып тұрандай, әр атаудың, сөздің, сөйлемнің жүйесі болса ғана, адамның айтар ойы мағыналы, мәнді болады. Десек те, уәжділіктің жүйелі уәжділік түрі жекелеген еңбектерде қарастырылғаны болмаса, кеңінен зерттеле қойған жоқ.

Зерттеушілердің пайымдауынша, абстрактылы уәжділік бойынша атаулардың абстрактылы мағынасы туындайды. Бұл уәжділік көбінесе туынды сөздің сигнификаттық мағынасына тән болады. Сигнификаттық мағына деп белгілі бір тілдік таңбалардың ұғымдық мәнін, мазмұнын айтамыз. Айталық, *отты нүкте (горячая точка), сауда нүктесі (торговая точка), серпінді жобалар (прорывные проекты)* т.б. атаулардың мағынасы абстрактылы уәжділік негізінде қалыптасқанын көре аламыз. Уәжділіктің бұл түрі де қазақ тілінде жан-жақты зерттеле қойған жоқ.

Атаулар лексикалану арқылы жасалған уақытта, олардың абстрактылы уәжденуінің деңгейі әртүрлі көрініс таба алады. Әрбір атаудың мағыналық құрылымы әртүрлі, сол себепті олардың уәжділігін айқындау оңай бола бермейді. Күнделікті тілімізде де жиі қолданыстағы кейбір атаулар термин ретінде танылса да, олардың екіншілік туындайтын мағынасын ашып көрсету керек болады, себебі олардың негізгі мағынасы мен қосымша мағынасының арасындағы семаны, уәждеделу деңгейін анықтау қажет.

Қазақ тіл білімінде уәжділік мәселесі күрделі туынды сөздермен байланыстырыла зерттеліп жүр. Ал, синтетикалық және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалған туындылардың уәжділік сипаты жайлы бірді-екілі пікірлер кездескені болмаса, нақты зерттеу нысанына алынған жоқ. Біздің ойымызша, синтетикалық және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалған туындыларға негіз сөздің семантикасы уәж ретінде танылу керек, өйткені жаңа аталымның жасалуына сол негіз сөздің мағынасы арқау болады. Осы мәселеге қатысты профессор Н.Оралбайдың еліктеуіш сөздердің туынды зат есім, туынды етістік, құранды етістік жасауға уәждеме болатындығы жайлы пікірі бар [6, 342]. Демек, уәж және уәжділік мәселесінің синтетикалық (туынды түбірлер) және лексика-семантикалық тәсілдерге қатысы зерделей түсуді қажет етеді.

Сонымен, әр жаңа атаудың уәжділік белгілерін анықтау дегеніміз – сол сөздің ішкі мағыналық формасын айқындау деген сөз. Уәжсіз жаңа атау туындай алмайтынын, тек семантикалық жағынан байланысы бар ұғымдар ғана жаңа бір атау қалыптастыра алатынына көз жеткіземіз. Жаңа атаулардың уәжділік деңгейін айқындау, ажырата білу әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Себебі, уәждеменің сөздің ішкі формасымен, сөздің семантикалық тұлғасымен, этимологиямен, сөзжасамдық байланыс ұғымымен қаншалықты байланысты екендігі толық ашылды деп айта алмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Атаулық тіркестердегі әлем бейнесі: семантикасы мен уәжділігі/ А.Салқынбай, Ж.Сүйінжанова, М.Сәрсебаева, Ж.Әуелбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 294 б
2. Салқынбай А.Б. Қазақ сөзі: уәжділігі мен тектілігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 206 б.

3. Қасым Б.Қ. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2000. – 154 б.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2010. – 560 б.
5. Сүлейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі. – Алматы, 1998. – 143 б.
6. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.

Смыкова Асия Даниярқызы

«Bolashaq» академиясының оқытушысы, п.ф.м

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІНІҢ ОРЫС ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Осы мақаланы қазақ тілін үйретіп жүрген барша әріптестеріме арнай отырып, тіл үйрету барысында есімдіктердің дұрыс үйретілуіне мән берсе екен деймін. Бұған себеп қазақ тілінде сөйлеуге үйренген өзге тілді азаматтардың сөйлеу барысында мынадай сөйлемдер естіліп жатады. Мысалы: «Менде (у меня) аға бар. Сенде (у него) қалам алуға бола ма?» деген сияқты. Осындай сөйлемдер арқылы есімдіктерді орыс тілінің аудармасымен үйрететініміз байқалып қалады. Бәрі жақсы, тек есімдіктердің дұрыс қолданысы туралы да айтып өткен жөн сияқты.

Ең алдымен қазақ тіліндегі есімдіктер мен орыс тіліндегі есімдіктердің қолдану өзгешелігі, зерттелуі туралы қысқаша тоқталып өтсек.

Есім сөздердің пайда болуы мен қалыптасу тарихы жайлы ғалымдар сонау Махмұт Қашқари еңбектерінен бастап зерттелген еңбектер аз емес. Оның ішінде алтай тілі тұрғысынан, түркі, моңғол не манжур-тұңғыс тілдері тұрғысынан есімдіктердің жеке топтары мен жеке сөздеріне тән заңдылықтар мен ерекшеліктер тұрғысынан жазылған еңбектер болып келеді. Қазіргі қазақ тілінде есімдік дербес сөз табы ретінде қарастырылып жүр. Есімдіктерді есім сөз таптарымен бірлікте қарау керек дейтін пікір ұстанушы ғалымдардан А.А.Шахматов, А.М.Пешковский, А.Н.Гвоздекті атауға болады. Ал орыс тілінде бұл мәселеде екі түрлі көзқарас болды. Кейбір ғалымдар есімдік өз алдына жеке сөз табы болу керек деп санайды. Ал есімдікті жеке сөз табы деген көзқарасты дәлелдеушілер: В.В.Виноградов, Е.Н.Сидоренко.

Қазақ тіл білімінде есімдіктер мәселесі А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, А.Ибатов, А.Төлеуов еңбектерінен орын алған. Аталған ғалымдардың қай-қайсы да есімдіктерді орынбасар сөздер ретінде қарастырады. Мәселен, А.Байтұрсынлы есімдікке былайша анықтама береді: «Есімдік дегеніміз – есімдердің, яғни зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүретін сөздер». Ғалым есімдікке осылайша анықтама бере отырып, есімдікті мағыналық жағынан бес топқа бөледі. Олар: 1) жіктеу есімдігі, 2) сілтеу есімдігі, 3) сұрау есімдігі, 4) жіктеу есімдігі, 5) танықтық есімдігі. Көріп отырғанымыздай, есімдіктердің саны да, атауы да қазіргіден басқаша. сондай-ақ ғалым «жіктеу есімдігі» деген атауды екі рет қолданып, біріншісіне қазіргі мен, сен (сіз), ол деген жіктеу есімдіктерін жатқызса, екіншісіне бәрі, барша деген қазір жалпылау есімдіктері аталып жүрген есімдіктер тобын кіргізеді [1, 118].

Профессор Қ.Жұбанов есімдікке: «Орынбасар есім (есімдік) деп түбірдің де, қосалқы шылаулардың да орындарында жүре беретін түбірлерді айтамыз» - деген анықтама береді. Қ.Жұбанов есімдікке мынадай сөздерді жатқызады: мен, сен, ол (зат есім орнына), бұл, сол, ол (зат пен сын орнына), мұндай, сондай (сын есім орнына), сонша, мұнша (бұ да), олай, бұлай (бұ да), өйтіп, сөйтеді (етістік орнына), өйткені онда (жалғауыш орнына), т.т. Ғалым есімдік деп таныған сөздердің ішінде есімдіктер де, есімдіктен басқа сөз таптарына қатысты сөздер де араласып жүр [4, 36]

Ғалым Ә.Төлеуов: «Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктері өзінен бұрын айтылған есім сөздердің орынбасары болып саналады» — деп, орынбасарлық қызметті есімдіктің белгілі бір топтарына ғана жатқызады [3, 61].

Есімдіктерді арнайы зерттеген — ғалым А.Ибатов. Ғалым А.Ибатов есімдіктердің сөз табы ретіндегі тұлғасын, олардың мағыналық топтарын жеке- жеке сөз етеді. Ғалым: «Қазақ